

**Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің қолдауымен  
білім беру саласына арналған ІТ шешімдерді табу және дамыту бойынша  
өткізілетін хакатонның**

**ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ережелер**

- 1.1. Аталмыш ереже білім беру саласына арналған инновациялық шешімдерді табу және дамыту бойынша өткізілетін хакатонды ұйымдастыру, өткізу және оның қорытындыларын шығару тәртібін белгілейді (әрі қарай - Ереже, Хакатон).
- 1.2. Хакатонның ресми атауы: **MON Hackathon 2022**
- 1.3. Ереже хакатонды өткізілетін бүкіл мерзім ішінде сақталады және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларда ғана өзгертілуі мүмкін.

**2. Хакатон мақсаты**

- 2.1. Қазақстан Республикасындағы білім беру саласында инновациялық жаңа шешімдер мен жобаларды табуға және қолдауға атсалысу.
- 2.2. Қазақстан Республикасындағы білім беру саласындағы инновациялық шешімдер шығаратын мамандар мен кәсіби қоғамдастықтардың потенциалы анықтау және дамыту.

**3. Терминдер мен анықтамалар**

- 3.1. **Хакатон** - таңдалған салада жаңа идеялардың пайда болуын ынталандыруға және оларды басқосу алаңында тікелей жүзеге асыруға бағытталған қысқамерзімді динамикалық іс-шара. Хакатонның ажырамас атрибуты болып табылатын шығармашылық бейресми атмосфера жаңа командалар мен жобаларды құруға, сонымен қатар инноваторлар қауымдастығын дамытуға ықпал етеді.
- 3.2. **Қатысушы** - ұйымдастырушымен немесе серіктестермен еңбек немесе басқа да шартты қатынасы жоқ, өз атынан әрекет ететін жеке тұлға немесе Қазақстан Республикасында ұйымдық-құқықтық нысандардың бірінде заңды тұлғалардың мемлекеттік тізімінде тіркелген заңды тұлға.

- 3.3. **Команда** - көзделген тапсырманы орындау үшін бір адамнан бес адамға дейін бірігіп әрекет ететін қатысушылар тобы. Әрбір қатысушы тек бір команданың құрамына кіре алады.
- 3.4. **Жеңімпаздар** - нәтижелері аталмыш ережеде көрсетілген тәртіптер мен қазылар алқасының бағалауы негізінде белгіленген номинациялардың бірінде үздік деп танылған командалар.
- 3.5. **Қазылар алқасы** - жобаларды бағалайтын және хакатон жеңімпаздарын анықтайтын мамандар тобы. Қазылар алқасының құрамына ұйымдастырушының өкілдері және тәуелсіз сарапшылар кіреді.
- 3.6. **Менторлар** - көзделген тапсырманы орындау барысында командаларға консультациялық көмек көрсететін мамандар тобы.
- 3.7. **Ақпараттық алаң** - хакатон туралы ақпараттар жарияланатын жаңа және дәстүрлі медиа ресурстары: Мемлекеттік телеарналар, ҚР БҒМ ресми сайты, ұйымдастырушының әлеуметтік желілердегі топтары, сондай-ақ демеушілер мен серіктестердің ақпараттық ресурстары.

#### 4. **Өтетін уақыты**

- 4.1. Қатысушылар мен командаларды тіркеу 11 наурыз 2022 ж. бастап, 25 наурыз 2022 ж. дейін өтеді.
- 4.2. Хакатон іс-шарасы 26 наурыз 2022 ж. бастап 27 наурыз 2022 ж. дейін өтеді.

#### 5. **Қатысу ережесі**

- 5.1. Қатысушыларды тіркеу аталмыш ереженің 5.2 тармағында белгіленген мерзімде хакатонның ресми ресурстарындағы электронды тіркеу формасын толтыру арқылы жүзеге асырылады.
- 5.2. Электронды тіркеу формасын толтыру кезінде қатысушының Тегі, Аты, Әкесінің аты, Команданың атауы, Е-поштасы (e-mail), Тұратын қаласы, Өзі туралы ақпарат көрсетілуі қажет.

- 5.3. Тіркеу формасына қажет барлық ақпаратты беріп растау батырмасын басқан соң өзі көрсеткен электронды поштасына шақыру алса қатысушы тіркелген болып есептеледі.
- 5.4. Қатысушылар хакатон аясында ұсынылған жобаларының меншіктік құқықтары тек өздеріне тиесілі екендігіне және оларды пайдалану мен таратуда Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік құқықтары туралы заңнамасын бұзбайтынына кепілдік береді.
- 5.5. Ұйымдастырушы қатысушылардың келісім болмаса да, біржақты ақпараттық және жарнамалық мақсаттарда нәтижелерді кез-келген тәсілмен өңдеуге және жариялауға құқығы бар.
- 5.6. Ұйымдастырушы хакатон шарттарын өзгертуге құқылы. Шарттардың өзгергені туралы ақпарат хакатонның ресми дереккөздерінде жарияланады.

## 6. Номинациялар

- 6.1. Хакатонда үш негізгі номинация қарастырылған: “**Үздік жоба**”, “**Үздік шешім**”, “**Үздік нәтиже**”.
- 6.2. Хакатонды ұйымдастырушы аталған номинацияларды өзгерту құқығына ие.

## 7. Нәтижелерді бағалау тәртібі

- 7.1. Хакатон нәтижелері қатысушылардың жұмыстарын бағалау негізінде шығарылады.
- 7.2. Нәтижелерді бағалау қазылар алқасы мүшелері мен менторлардың қабылдаған критерилері бойынша 10 балдық көрсеткіш бойынша жүзеге асырады:
  - 7.2.1. **Жоба идеясы** (жобаның бастапқы идеясы неғұрлым терең әрі кешенді болса, команданың бағасы да жоғары болмақ);
  - 7.2.2. **Орындалу сапасы** (жоба технологиялық, пайдалылық, нарықтық, қолданбалық және эстетикалық жағынан тартымды болса, команданың алар бағасы жоғары да болмақ);
  - 7.2.3. **Зерттеулер** (жобаның нарыққа кіруі, қолдануы, аудиториясы, интеграциялары қаншалық объективті

зерттелген болса, команданың бағасы да жоғары болмақ).

7.2.4. **Жобаны таныстыру** (команда жобаларын қаншалық жақсы әрі көрнекі көрсете алса, оның бағасы жоғары болмақ).